

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы бойынша  
Қамқоршылық кеңесі отырысы  
хаттама № 2**

Ақтөбе қаласы  
Қатысқандар : 10

05.12.2025

**Күн тәртібінде :**

1. Демеушілік түсімдер және оларды қажеттілігіне қарай бөлу.
2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы.
3. Аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету (костюмдер, жол ақысы )
4. Бөбекжай-балабақшасында қосымша үйірме, секциялары (домбыра, теннис, би) ұйымдастыру.
5. Түрлі сұрақтар.

**Бірінші мәселе бойынша** №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Амирова Г.Т сөз алды:

Демеушілік түсімдер және оларды қажеттілігіне қарай бөлуде 2025-2026 оқу жылында ваучерлік қаржыландыруға көшуімізге орай демеушілік түсімдер түсіп жатпағанын түсіндіріп өтті.

**Екінші мәселе бойынша** әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету мақсатында бөбекжай-балабақшасында «Қамқор бол !» қайырымдылық акциясын ұйымдастырылып ата-аналар және қызметкерлер арасында «Үміт» үйі балаларына арналған қысқы жылы киім-кешек, памперстер, ойыншықтар, гигиеналық шараларға т.б. қажетті заттар алынып тапсырылды. Әр топтың ата-анасы бір ұжымдай ауызбіршілік танатып ,бірігіп «Үміт» үйі балаларына қамқорлық жасалды.

**Үшінші мәселе бойынша** меңгеруші Амирова Г.Т аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан балаларға қолдау көрсету мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Дарынды балаларды анықтауда «Жас білгіштер» сайысы өткізілгі туралы айтылды.

**Төртінші мәселе бойынша** әдіскер Абдуллина Н.Т бөбекжай-балабақшасында қосымша үйірмелер өз жұмысын жасап жатқандығын және үйірмелермен таныстырып өтті.

«Танцуй малыш» би үйірмесін бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Дауева А.З аптасына 2 рет өткізілетінін;

« Домыбра» үйірмесін бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі Дауева А.З аптасына 2 рет өткізілетінін;

«Футбол» үйірмесін бөбекжай-балабақшасының дене тәрбиесі жаттықтырушысы Телгарин А.Б аптасына 2 рет өткізіледі.

**Бесінші мәселе бойынша** ата-ана және қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мамбетова Ә.Ж бөбекжай балабақшасында қуыршақ театрларын тәрбиешілер ұйымдастырып өздері өткізсе деген ұсыныс білдірді себебі қазіргі таңда вирустың өршуіне байланысты балабақшаға бөгде адамдардың келмегені дұрыс болар еді деп айтып өтті.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Амирова Г.Т алда келе жатқан жаңа жыл мерекесіне әр топтың ата-аналарынан қаражат жинамау жөнінде ақпарат айтылды.

**Шешімі :**

- 1.Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсетілсін.
- 2.Аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсетілсін.
- 3.Бөбекжай -балабақшасында қосымша үйірме,секциялары ұйымдастырылып жалғастырылсын.
- 4.Бөбекжай -балабақшасында педагогтар ұйымдастырылған қуыршақ театрын өткізілсін.
- 5.Ата-аналар тарапынан шыршаға қаражат жинамау бойынша бақылауға алу.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :  
Хатшы :

*Абду*

*Бегалиева*

**Бегалиева А.С**  
**Н.Т.Абдуллина**

